



201__ жылғы _____ Астана, Үкімет Үйі « » _____ 201__ года _____

№ № _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/1068 от: 02.05.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 6 сәуірдегі № ДС - 98

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Өгем өзенінде гидротехникалық құрылысты салуға және топтық су бұруға қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Өгем трансшекаралық өзенінің су ресурстарын пайдалану мәселелері 2017 жылғы 15 ақпанда су қатынастары саласындағы тереңдетілген екі жақты ынтымақтастық қазақстан - өзбекстан бірлескен жұмыс тобының отырысында қаралған болатын. Отырыстың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының белгіленген лимитіне сәйкес 3-3,5 м³/с көлемінде Оңтүстік Қазақстан облысының елді мекендерін ауыз сумен жабдықтау үшін Өгем өзенінің су ресурстарын пайдалану бойынша өзбекстан тарапынан келісім алынды.

Өгем өзенінен су жинай отырып ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу үшін жобалық құжаттарды (бұдан әрі – жоба) әзірлеу мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – АШМ) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп, перспективаларын ескере отырып, сондай-ақ жобаланып отырған объектілерге қайта қосуды талап ететін ауылдық елді-мекендерді сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын тексеру жөніндегі жұмыстарды жүргізуде.

Ағымдағы жылғы 28 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету және аталған жобаны іске асыру үшін топтық су тартқышын салу бойынша АШМ Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» РМК мен «WindPowerGmbH» (Германия) компаниясының арасында техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді қаржыландыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Осыған байланысты АШМ-нің жобасын іске асыру үшін мемлекеттік-жеке әріптестік қағидаттарында инвестициялар тарту мәселелері, сондай-ақ мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жобаны қаржыландыруды пысықталып жатыр.

Б. Сағынтаев

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

На № ДС - 98 от 6 апреля 2017 года

Уважаемые депутаты!

На Ваш депутатский запрос касательно строительства гидротехнического сооружения на реке Угам и группового водовода, сообщая следующее.

Вопросы использования водных ресурсов трансграничной реки Угам 15 февраля 2017 года были рассмотрены на заседании совместной казахстанско-узбекской рабочей группы по углублению двустороннего сотрудничества в сфере водных отношений. По итогам заседания было получено согласие узбекской стороны по использованию водных ресурсов реки Угам для нужд питьевого водоснабжения населенных пунктов Южно-Казахстанской области в объеме 3-3,5 м³/с согласно установленным лимитам Республики Казахстан.

В целях разработки проектных документов для строительства объектов питьевого водоснабжения с водозабором из реки Угам (далее – проект) Министерством сельского хозяйства (далее – МСХ) совместно с акиматом Южно-Казахстанской области ведутся работы по обследованию инфраструктуры водообеспечения сельских населенных пунктов с учетом перспективных, а также требующих переподключения к проектируемым объектам.

28 февраля текущего года между РГП «Казводхоз» Комитета по водным ресурсам МСХи компанией «WindPowerGmbH» (Германия) был подписан меморандум о сотрудничестве по финансированию разработки технико-экономического обоснования по строительству группового водовода для питьевого водоснабжения районов Южно-Казахстанской области и реализации данного проекта.

В этой связи для реализации проекта МСХ прорабатываются вопросы привлечения инвестиций на принципах государственно-частного партнерства, а также финансирования проекта за счет средств государственного бюджета.

Б. Сагинтаев